

УК	Қазақ тілі 26.12.2023
Міндеті	Міндеті: Аңдар туралы мәлімет беру. Балаларға аңдардың суреттер арқылы көрсетіп, олардың пайдасы туралы түсіндіру. Жаңа сөздерді таныстыру барысында сөздік қорларын молайту. Ойын арқылы үлкен, кішкентай деген ұғымдарды қайталау. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Сөздер: Аю, қоян, қасқыр, түлкі.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, жабайы аңдардың ойыншықтары
Мотивациялық-қозғаушылық	Арайлап таң атты Алтын сәулесі таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кеш далам!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен аңдар туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен аңдар туралы әңгімелесеміз. — Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн, балалар! «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты кинма суреттер арқылы қайталау. -Мынау не? -Мынау – жылқы. -Мынау не? -Мынау – қой. -Мынау не? Жаңа сөздермен таныстыру. — Мынау – қоян. Мынау не? — Мынау – қоян. Мынау – аю. Мынау не? Мынау – аю. — Бұлар – жабайы жануарлар. Олар орманда тұрады. — Жабайы жануарлар қайда тұрады? — Олар орманда тұрады. — Қоян қайда тұрады? — Қоян орманда тұрады. — Қасқыр қайда тұрады? Қасқыр орманда тұрады. Аю қайда тұрады? Аю орманда тұрады. Балалар жеке және хормен қайталайды. Дыбыстық жаттығу. Ү-Ү-Ү – ТҮЛ-КІ – ТҮЛКІ. Қ-Қ-Қ – ҚАС-ҚЫР – ҚАСҚЫР. Қ-Қ-Қ – ҚО-ЯН – ҚОЯН. ТТШТ/ТРИЗ (тапқырлар тапсырмаларын шешу теориясы): «Кім тапқыр?» (Ертегі кейіпкерлерінің элементтерін көрсету арқылы, жабайы жануарларды табу). Қоян, қасқыр, аю, түлкі. Серігіту сәті. Педагог балаларға қимылды жұмбақ жасырады, өзі балалар бірге музыканың көмегімен тұрақимылдар жасайды. Қоян сияқты секіремін. Аю сияқты қорбаңдап жүремін. Түлкі сияқты әдемі, ақырын жүремін. Қасқыр боламын. Қима материалдар арқылы «Дұрыс көрсет» ойыны ойнатылады. Жабайы жануарларды педагог атайды, балалар суреттерді көрсетеді. Жеке жұмыс жүргізіледі.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 26.12.2023 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева